

№3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Оқу жылы: 2025-2026

Өткізу формасы: диспут.

Өткізілген күні: 28.01.2026

Өткізілген орны: «Болашақ» тобының бөлмесі.

Жиналысқа қатысқандар саны: 71 адам.

Шақыртылғандар педагог-психолог, мейірбике.

Жиналыстың тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке дейінгі ұйымда және үйде саламатты өмір салтын ұстануға баулу»

КҮН ТӘРТІБІ

Алдыңғы ата-аналар жиналысының шешімдерін іске асыру туралы.

1. Мектеп жасына дейінгі баланы мектепке дейінгі ұйымда және үйде саламатты өмір салтын ұстануға баулу.

2. Балаларды мектепке дайындау мәселелері.

Әртүрлі. Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

БАРЫСЫ

Алдыңғы ата-аналар жиналысының шешімдерін іске асыру бойынша педагог Ихсанова Асылжан Шариповна сөз сөйледі. Ол балаларының тәрбиелеу және оқыту процесі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының міндеттеріне сәйкес жүргізілетінін, мониторинг қорытындылары бойынша арнайы түзету және дамыту бағдарламасы жүйелі түрде жүзеге асырылатынын, циклограммаларда, отбасындағы жекелеген тапсырмаларды бекіту бойынша ата-аналарға ұсынымдарда көрсетілетінін атап өтті.

1. Мектеп жасына дейінгі баланың мәселесі бойынша Исмагулова С М сөз сөйледі, ол ата-аналардың назарын балаларды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттері бірінші кезекте мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарымен айқындалғанына аударды (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 12.08.2016ж. №499-бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022.№422-бұйрығының жаңа редакциясында); мысалы, саламатты өмір салтының маңызды компоненттері туралы түсініктерді бекіту, олардың көңіл күйін сипаттау, дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру (шынығу, массаж түрлері), олардың бойында саламатты өмір салтына қажеттілікті қалыптастыру.

Педагог Ихсанова С М ата-аналармен «Баланың күн режиміндегі саламатты өмір салты» атты жаттығу-тапсырмасын ұйымдастырды, оның мақсаты балабақшадағы баланың күн режимімен танысу, баланың СӨС негіздерін қалыптастыру үшін уақыт кезеңдерін анықтау және болжамды жұмыс нысандарын қарсы тұрған жолға толтырып жазу болды. Ата-аналар тапсырмаға белсенді қатысты; СӨС бойынша балалармен жұмыс істеудің ең жиі сипатталған түрлері гимнастика, массаж түрлері, жуыну, таза ауада серуендеу болды. Осыдан кейін ата-аналар жиналысының барлық қатысушылары «Лифт» тыныс алу жаттығуын орындады, онда ата-аналар жаттығудың сауықтырушы әсері барына көз жеткізді.

Педагог Адилханова А А СӨС қалыптастыру әдістерінің келесі топтарын анықтады: оқыту, ойын, бақылау және практикалық іс-шаралар, жеке үлгі көрсету әдісі. Сондай-ақ, білім берудің күнделікті іс-әрекеті, күн тәртібін ұйымдастыру, спорттық іс-шаралар, тақырыптық апталар, ата-аналарды тарту сияқты нысандар атап өтілді.

ШЕШІМ

Балабақшада ұйымдастырылған саламатты өмір салтын қалыптастыру әдістері мен формалары тиімді деп саналсын, ойындар, шеберлік сағаттары, спорттық күн сияқты іс-шараларды өткізу назарға алынсын.

Педагогтер «СӨС әдістерін қолдау және қарсылық» тақырыбы бойынша пікірталас ұйымдастырды, онда ата-аналар белгілі бір әдістерді пайдаланудың, оларды қолданудың және отбасында қайталаудың негізгі мәселелері бойынша өз келісімдерін немесе келіспеушіліктерін білдірді.

Педагогтер ата-аналармен бірге саламатты өмір салтын сақтауға бағытталған отбасылық сауықтыру жаттығулары мен кешендерінің бейнежазбаларымен танысты.

Ата-аналар «Денсаулық» тақырыбындағы мақал-мәтелдерді талқылауға белсенді қатысып, тәжірибеде қолданатындары туралы айтты.

ШЕШІМ

Отбасы мектеп жасына дейінгі баланың саламатты өмір салтын қалыптастыру міндеттерін іске асырудың негізгі қатысушысы болып саналсын.

2. Балалардың мектепке дайындығы мәселесі бойынша психолог Исмагулова А Ш сөз сөйледі. Ол балалардың мектепке дайындық түрлеріндегі айырмашылықтар туралы айтты: зияткерлік, эмоционалды-ерікті, әлеуметтік дайындық; осы аспектідегі ересектердің жауапкершілік өлшемін анықтады.

Психолог ғалымдардың зерттеулері бойынша мектепке дайындықтың қандай белгілері бар екенін нақты көрсетті, ата-аналар мен тәрбиешілердің мектепке дайындық талаптарын орындау үшін күш біріктіруге уақыты бар екенін айтты. Ата-аналарға, мысалы, мектептің жағымды бейнесін қалыптастыру, балалардың дербес дағдыларын дамыту; білім алу іс-

әрекетіне қызығушылықты сақтау; әлеуметтік дағдыларды дамыту; эмоциялардың тұрақтылығымен жұмыс істеу сияқты ұсыныстар берілді. Сондай-ақ, ұсыныстарда көрсетілген жағдайларда психологпен кеңесу ұсынылды. Ата-аналарға мектепке дайындық сынақтарының нәтижелерімен танысу үшін психологтің кабинетіне келу ұсынылды.

ШЕШІМ

«Балбөбек» бөбекжайының тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы мәселесін балалар, ата-аналар, педагогтер үшін өзекті болып саналсын, ол бақылауда ұсталсын; психолог ұсынған кесте бойынша мектепке дайындық сынақтары өткізілсін, маманның ұсынымдары қадағалансын.

ӘРТҮРЛІ

2025-2026 оқу жылының желтоқсан айында мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру мәселесі бойынша педагог Ихсанова А.Ш. сөз сөйледі.

Мерекелік іс-шаралар жай ғана ойын-сауық емес, сонымен қатар баланың өзін команданың бір бөлігі ретінде сезінуіне, таланттарын ашуға және жағымды эмоциялар алуға мүмкіндік беретіні атап өтілді. Басты назар өлең-сөз, ән репертуары, би элементтері, рөлдердің мәтіндерін бекітуге ғана емес, сондай-ақ мереке кезінде қауіпсіздік ережелерін қайталау да ұсынылды, әсіресе балабақшадан тыс, демалыс, мереке күндері денсаулықты сақтау керектігі туралы өтініш айтылды.

ШЕШІМ

Көктемгі мерекелерге дайындық МДҰ Жарғысына, әкімшілік бекіткен кестеге, саламатты өмір салты мен қауіпсіздік ережелеріне сәйкес жүргізілсін.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

Балабақшада ұйымдастырылған саламатты өмір салтын қалыптастыру әдістері мен формалары тиімді деп саналсын, ойындар, шеберлік сағаттары, спорттық күн сияқты іс-шараларды өткізу назарға алынсын.

Отбасы мектеп жасына дейінгі баланың саламатты өмір салтын қалыптастыру міндеттерін іске асырудың негізгі қатысушысы болып саналсын.

Көктемгі мерекелерге дайындық МДҰ Жарғысына, әкімшілік бекіткен кестеге, саламатты өмір салты мен қауіпсіздік ережелеріне сәйкес жүргізілсін.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

- 20 жылдың жазғы кезеңіндегі сауықтыру жұмыстары қанағаттанарлық деп саналсын.
- Талдау барысында анықталған ... мәселесі жаңа оқу жылында ескеріліп, ол бір жыл ішінде балалардың даму мониторингінің нәтижелерін бақылай отырып шешілсін.
- Бес жастағы балалардың жас ерекшеліктері туралы ақпарат назарға алынсын, балалардың даму процесін үйлестіру үшін олар үйде де ескерілсін.
- ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 12.08.2016ж. №499-бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырудың шарты ретінде ... тобында бес жастағы балаларды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерін орындау өзекті және міндетті болып есептелсін.
- Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтанудың мемлекеттік стандарттары негізінде ... мектепалды тобы үшін үйлесімді тамақтану нормалары өзекті және міндетті деп есептелсін (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.12.2020ж. №ҚР ДСМ-302/2020 «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы).
- Мектепке дейінгі бөбекжай 2025–2026 оқу жылына арналған ата-аналар комитеті мынадай құрамда бекітілсін: ата-аналар комитетінің төрағасы – Серікова Г Б ата-аналар комитетінің мүшелері – Амангелді М хатшы – Ерғазы А Ж
- Психолог ұсынған кестеге сәйкес ата-аналардың өтініштері бойынша жеке консультациялар өткізу кестесі бекітілсін.

Ата-аналар жиналысы өткізілген күн

04.11.2025

Ата-аналар комитетінің төрағасы

(Т.А.Ә.)

(Қолы)

Серікова Г.Б.
СНУ

Хатшы

(Т.А.Ә.)

(Қолы)

Ерғазы А.Ж.
ЕНУ